

Г.М. Смагулова *, Л.К. Шотбакова , С.Б. Стамбулов , Г.Б. Оразбекова 

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: gylnara2005@mail.ru; shotbakovazz@mail.ru; serstam@mail.ru; bolatkhankyzy_gulnur@mail.ru)

Семей және Батыс Қазақстандағы ядролық полигон сынақтарының тарихы және салдары: салыстырмалы талдау

Қазақстан аумағындағы ядролық сынақтардың салдарын зерттеу қазіргі кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі. КСРО-ның барлық ядролық сынақтарының басым бөлігі Семей ядролық сынақ полигонында (СЯСП) өткізілді. Алайда, СЯСП аумағы қару-жарақ жарысы жылдарында ядролық сынақтар жүргізуден зардап шеккен қазіргі Қазақстанның жалғыз аумағы емес. Батыс Қазақстанда КСРО басшылығының тапсырмасы бойынша ядролық қаруды сынау жүргізілді, бұл өңірде апатты экологиялық және гуманитарлық зардаптарға әкеп соқтырды. Алайда, Батыс Қазақстандағы сынақтардың салдарын зерттеу мәселесі аз зерттелген және одан әрі зерттеуді қажет етеді. Мақалада Қазақстанда сынақ полигондарының құрылу тарихы зерттеліп, мұрағат материалдары негізінде Семей мен Батыс Қазақстандағы ядролық сынақтардың салдарына салыстырмалы талдау жүргізілген. Авторлар зерттелетін полигондар аумағындағы ядролық сынақтардың салдарына тән ерекшеліктерді бөліп көрсетеді. Зерттеудің тәжірибелік маңызы оның нәтижелерін Қазақстан аумағындағы ядролық сынақтар мәселесіне арналған шетелдік және қазақстандық зерттеу жұмыстары үшін қолданылу мүмкіндігімен байланысты.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, қару-жарақ жарысы, Семей полигоны, Батыс Қазақстандағы ядролық полигондар, ядролық сынақ, ядролық қару, ядролық сынақтың зардаптары, «ядролық отарлау».

Kipicne

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қалпына келтірулер, жаһандық экономиканың қалыптасу қарқыны және жаһанданудың басқада үрдістері әлемдік саясат пен халықаралық қатынастарда жаңа тәртіптің орнауына ықпал еткені белгілі. Жаңа тәртіптің маңызды элементтерінің бірі — бұл ядролық қарудың пайда болуымен байланысты. Нәтижесінде, адамзаттың жаңа қаруды жемісті түрді сынауы «қару-жарақ жарысы» жағдайындағы ұлы державалар арасындағы бәсекелестіктің негізгі бағыттарының біріне айналды. Ядролық сынақтар «қару-жарақ жарысында» тек қана мемлекеттің жетістіктеріне септігін тигізген жоқ, сонымен қатар ядролық сынақтар ұйымдастырылған территория халықтары тарихының трагедиялық кезеңіне айналды.

XX ғ. ортасына қарай АҚШ, КСРО, Ұлыбритания және Франция, Қытай ядролық қаруды сынақтан өткізді. Атап айтқанда, АҚШ кең көлемдегі сынақтарды өзінің ірі полигондарында, соның ішінде Невадада өткізсе, КСРО ядролық қаруды сынау үшін Қазақстан территориясында, соның ішінде Семей және Батыс Қазақстан аумақтарындағы полигондарда сынақтан өткізді. Осылайша, ядролық қаруды сынақтан өткізу іс-шаралары әлемнің әр аймағында орын алды. Әрине, ядролық сынақтарды сынаудың салдары әр аймақта өзіндік ерекшелікке ие болды және бұл географиялық және климаттық жағдайға, өткізілген сынақтың типіне, халықтың тығыздығына т.б. байланысты болды. Мысалы, аралды территорияда құрылған полигондар аралдардың ластануына және аралдық экожүйенің бұзылуына алып келді. Невадада радиациялық ластану шөл аудандармен шектелсе, Семейде және Батыс Қазақстан аумағының үлкен бөлігі ластанып, көшпелі халыққа ықпал етіп, ауылшаруашылығының құлдырауына алып келді.

Сондықтан, қазіргі уақытта Семей және Батыс Қазақстан аумағында жайғасқан полигондардағы жерасты және атмосферадағы ядролық қаруды сынаудың салдарын, атап айтқанда табиғи ортаның радиоактивті ластануының көлемі мен деңгейін, оның полигон маңайындағы аймақ халықтарының денсаулығына ықпалын зерттеу және объективті бағалаудың маңызы жоғары. Осы ретте, біз үшін Семей және Батыс Қазақстан аумақтарындағы КСРО-ның «ядролық отарлау» саясатының тарихы мен салдарын зерттеу үлкен қызығушылық тудырады.

Зерттеу әдістері

Семей және Батыс Қазақстан территориясындағы ядролық қаруды сынау үшін құрылған әскери полигондардың құрылу тарихын және оның салдарын зерттеу барысында тарихилық және объективтілік принциптері басшылыққа алынды. Мақала көлемінде көтерілген мәселелерді анықтауда талдау және синтездеу әдістері қолданылды. Аталған әдістер арқылы Семей және Батыс Қазақстан территориясындағы полигондардың тарихы және оның зардаптары туралы деректер мен ғылыми зерттеулер жинақталып, жүйеленді. Сонымен бірге тарихи-хронологиялық, кезеңдеу және статистикалық әдістер кеңінен қолданылды. Тарихи-хронологиялық және кезеңдеу әдістері полигондардағы ядролық сынақтардың кезеңдерін зерттеуге, әрбір кезеңдегі өзекті мәселелердің спектрін айқындауға мүмкіндік берді. Статистикалық әдіс полигондардағы әуеде, жерүстінде және жерастында жүргізілген жарылыстардың жалпы санын анықтау барысында қолданылды.

Мәселені талқылау

Семей полигоны Ертіс өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан және Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарының территориясын қамтиды. Семей полигонының құрылу тарихы 1946 ж. 14 қарашадағы қабылдаған Министрлер Кеңесінің арнайы полигон құру қажеттілігі жөнінде Қаулысымен және 1947 ж. 21 сәуірдегі Кеңес Одағы Министрлер Кеңесінің «аса құпия» грифімен белгіленген «Таулы станция (№905-ші объект) мәселесі» жөніндегі №1092-313сс/оп Қаулысымен байланысты болды. Бұл полигонды құру үшін Семейдің батысынан 170 шақырым жердегі Ертіс өзені аумағындағы алаң, Киік станциясынан оңтүстік-батысқа қарай 80 шақырым жердегі Балқаш көлі аумағындағы алаң және Атбасар станциясынан оңтүстікке қарай 100 шақырымдағы Есіл өзені аумағындағы алаң, Ақмола-Қарталы теміржолынан 60 шақырым жердегі Наурызым қорығы ауданындағы алаң қарастырылған болатын. Осындай іс-шаралардың нәтижесінде полигонды құру үшін оңтүстігінен, батысы мен солтүстігінен биік емес таулармен қоршалған Семей қаласынан 140 шақырым батысқа қарайғы территория таңдап алынды. Ядролық сынақтарды жүргізу үшін Семей ауданының таңдап алынуының бірнеше себептері болды, олар: халықтың аздығымен, айтарлықтай бос алаңдардың бар болуымен және ірі су артериясы — Ертістің жақындығы, жеткілікті түрде транспортпен (теміржол, аэропорт) қамтамасыз етілуімен байланысты болды. Семей ядролық полигоны үш облыстың, соның ішінде Семей, Павлодар және Қарағанды облыстарының кейбір жерлерін құрады. Құнарлы жер мен пайдалы қазбаларға бай жерлердің 18000 шаршы шақырымы Семей полигоны үшін қолдануға бөлінген [1; 11]. Мысалы, Семей облысының Абыралы ауданына тиісті 1908 гектар жердің 445 гектары әскери ведомствоға берілген, ал ауданның өзі Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының 1955 ж. 22 қаңтардағы арнайы Жарғысына сәйкес таратылған [2; 35].

Осымен бірге, АҚШ пен Кеңес Одағының арасындағы «Қырғи қабақ» соғысы кезеңінде құрылған әскери нысандардың бірі — Батыс Қазақстандағы «Капустин Яр» және «Азғыр» полигондары. Батыс Қазақстан территориясында жайғасқан бұл екі полигонда ядролық қарумен бірге, ұшақтар мен зымырандар сынақтан өткізілді.

1947 ж. 13 мамырда КСРО Министрлер Кеңесінің Астрахан, Волгоград және Атырау, Батыс Қазақстан облыстарының территориясында Орталық мемлекеттік «Капустин Яр» сынақ полигонын құру жөніндегі шешім қабылданады. Астрахан облысындағы Капустин Яр селосының атымен аталған полигон «аса құпия» деген грифпен көрсетілді. Бұл полигонның алғашқы әскери басшысы генерал-лейтенант В.И. Вознюк тағайындалды және ол құпия болып санаған әскери полигонды 27 жыл басқарды. 1947 ж. Кеңес Одағы «Капустин Яр» полигонында алғашқы баллистикалық ракетаны ұшырып, сынақты сәтті өткізді.

Осылайша, 1947 ж. іске қосылған «Капустин Яр» сынақ аймағы үшін Батыс Қазақстанның Жаңақала, Орда аудандарының территориясынан 1 55 784 гектар жер бөлінеді. Осымен бірге, «Азғыр», және «Капустин Ярдың» «Тойсойған» бөлігі үшін Гурьев облысы да 1,5 млн гектар жер беруге мәжбүр болады [3]. Атап өту қажет, мұндай іс-шаралардың нәтижесінде, 1952 ж. Батыс Қазақстан облысының 300; атап айтқанда Жаңақала ауданынан 125; Орда ауданының 175 колхоз шаруашылықтарын Оңтүстік Қазақстан облысының мақта өсіру аудандарына көшіру жоспарланады [4; 15].

Батыс Қазақстан облысының Орда ауданы жеріндегі «Хаки соры» деген тұзды көл әскери сынақ аймағы үшін нысана орталығы ретінде таңдап алынды. Әскерлердің мәліметі бойынша сордың аумағы 832 гектар жерге созылған. Орда ауданының Қарулы күштер қолына өткен территориясында

үш сынақ полигоны қызмет жасаған: Мемлекеттік орталық, Мемлекеттік ұшу-сынақ және Азғыр атом полигондары. Алғашқы екеуі ортақ атаумен «Капустин Яр» деп аталып, орталығы Ресей территориясында орналасқанымен, сынақ алаңы Батыс Қазақстан жерінде жүргізіледі.

Осылайша, Қазақстанның Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарының және Батыс Қазақстан аумағын, Атырау облысын қамтыған әскери қаруларды сынау полигондары құрылды. Әрине еліміздің территориясында құрылған полигондардың ішінде Семей ядролық сынақ полигоны — бұл әлемдегі ең ірі полигондардың бірі болып саналады, атап айтқанда оның аумағы 18500 шаршы шақырымды құрайды.

Семей және Батыс Қазақстан территориясындағы ядролық сынақтарды салыстырсақ: 1949 жылдың 29 тамызында Семей полигонындағы алғашқы кеңестік ядролық заряд (РДС-1) сынақтан өтсе, соңғысы 1989 жылдың 19 қазанында ұңғымада өткен топтық сынақтармен белгілі. 1949-1990 жылдар аралығында КСРО-да барлығы 715 ядролық сынақ және ядролық жарылыс өткізілген, ал жарылған ядролық зарядтардың және ядролық жарылғыш құрылғылардың жалпы саны 969-ды құраған. Қорғаныс министрлігінің екінші мемлекеттік орталық сынақ полигонында 456 сынақ жүргізілген және бұл КСРО-ғы өткізілген ядролық сынақтардың 64%-ын құрайды [5].

Өзімізге белгілі, шартқа сәйкес ядролық жарылыстар жерүсті, ауадағы, космостағы, суасты, жерасты (шатқалдарда немесе ұңғымада) жарылыстар деп бөлінді. Семей полигонында жерүсті, ауадағы және жерасты жарылыстары жүргізілген. Атап айтқанда, Семей полигонында жерүстіндегі сынақтардың саны — 36, ауадағы сынақтардың саны — 86 жарылысты құраса, жерасты сынақтар, соның ішінде шатқалдарда 209, ал ұңғымалардағы сынақтардың саны 131-ге жеткен [6].

Батыс Қазақстандағы Атырау облысының территориясында (Атырау қаласынан 360 шақырым жерде) құрылған «Азғыр» ядролық полигонында 1966-1979 жж. аралығында полигонның 10 технологиялық алаңында 161 метрден 1491 метрге дейінгі тереңдікте 17 жерасты ядролық жарылыстар жүргізілген [7].

Көріп отырғанымыздай, 40 жылдың ішінде Семейде полигондық сынақ жұмыстарының үлкен көлемі жүргізілген. Сынақтарды жүргізудің қарқындылығы бірнеше факторларға байланысты болған. Ядролық қаруды құрудың алғашқы жылдарында мұндай қарқындылық ядролық зарядтарды өндіру мүмкіндіктеріне байланысты еді. Соңғы жылдары ядролық сынақтарды жүргізудің қарқындылығына әлемдегі саяси жағдай ықпал етті.

Семей полигонындағы ядролық қаруды сынға алуды екі кезеңге бөліп көрсетуге болады: біріншісі, атмосферадағы ядролық жарылыстарды жүргізу; екіншісі — жерасты ядролық жарылыстарды жүзеге асыру кезеңі. Әрине, жоғарыда аталған Семей полигонындағы жарылыстар мен сынақтардың адам денсаулығына және экологияға тигізген кері әсері көп болды. Мысалы, ғылыми зерттеулердің нәтижелері сынақ орнына жақын елді мекендерде қалқанша безінің қатерлі ісіктері, гемабластома, созылмалы лейкемия және басқа да аурулардың жиі кездескенін көрсетеді. 1950 жылдан бастап, нәрестелер өлімі 5-10 есе көбейген. Өмір сүру ұзақтығы 3-4 жылға қысқарды. Ал, полигон айналасындағы ауылдарда мутант балалар дүниеге келе бастады. Жануарлар мен қоршаған орта үлкен өзгерістерге ұшырады. Осындай өзгерістердің бар екенін, Семей полигонындағы атом қаруының зардаптарын, одан туындайтын әлеуметтік, денсаулық және экологиялық мәселелерді Б. Атшабаров экспедициясы сол жылдары-ақ дәлелдеп берді. Медицина саласында «Қайнар синдромы» деп аталған біртұтас ауру түрінің өзі де айғақ болады.

Мәселені зерттеу нәтижесінде Семей ядролық полигоны зардаптарын XX ғ. екінші жартысынан бастап зерттелгені айқындалды. Зерттеу жүргізуге КСРО Медицина ғылымдары академиясының Биофизика институты мен Қазақстандағы Өлкелік патология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары және полигонның орталығында орналасқан №4 диспансер (код атауы «бруцеллезге қарсы») қызметкерлері қатысқан. Олар зерттеулерді жеке және бірлесіп атқарылған. Алғашқы экспедицияны КСРО Медицина ғылымдары академиясының Биофизика институтының әскери дәрігерлері жүргізген. Олар 1956 жылдың қыркүйек-қазан және 1957 жылдың мамыр-шілде айларының аралығында Абай ауданының Қарауыл және Жанасемей ауданының Знаменка (қазіргі Ново-Покровский) елді мекендері мен онда тұрып жатқан тұрғындардың денсаулық жағдайын зерттеген. Осы экспедиция Семей облысы халқының денсаулық жағдайын зерттеу нәтижелері туралы жазылған анықтама архив қорларында сақталған. Анықтаманың соңында 4 пункттен тұратын ұсыныс көрсетілген, соның 1-ші пунктінде астық пен көкөністердің пісіп-жетілуі мен жиналуы кезеңінде атом қаруының жердегі сынақтарын тоқтату керектігі айтылады, өйткені бұл тамақ өнімдерінің

айтарлықтай ластануына әкеледі және халықтың денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіруі мүмкін делінген [8; 27-30].

Ал қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне келетін болсақ, 1952-1953-ші жылдары ғалым С.Б. Балмұханов Семей облысының территорияларына тексеріс жүргізуді бастаған. Ол туралы өзінің «Ядерный полигон моими глазами» атты еңбегінде былай деп жазған [9; 61]: «1952 және 1953 жылдары министрліктің бас радиологы ретінде Семейге бірнеше мәрте баруға тура келді. Облыстық аурухананың бас дәрігері бірде маған кейбір елдімекендерде өздері бұрын-соңды кездестірмеген жұмбақ сырқаттардың пайда болғанын, сол байғұстар тез шаршап, асқа да тәбеті болмай, үнемі маужырап отырады деген де ақпарат айтты. Мен сол байғұстардың өзім зерттеген сәуле дертіне шалдыққанын бірден-ақ аңғардым. Кейбірінің ауру тарихын оқығанда алғашқы күдігіме имандай сендім. Сол жайтты министрліктің коллегиясына салып, ауру байқалған аудандарға арнайы экспедиция жасақтауға рұқсат алдым...». Бірақ бұл экспедицияның ғылыми зерттеуі нәтиже бермеді. Оның себебін С.Б. Балмұханов былай түсіндірген: «... Біздің ізденісімізге қолдау көрсету мақсатымен Қазақстан КП Семей обкомының бірінші секретары М.Ә. Сужиковтың кабинетінде шақырылған талқылауда полигон өкілі алдын ала дайындап келген дәрігерлік тұжырымын суылдата оқып берді: ғылыми түйін ретінде мәлімдеген, радиация сәулесі зақымдады деген аурулардың белгілері мүлдем жоқ болып шықты, біз нұсқаған сырқаттың қазақтар мекендеген ауылдарда байқалуы солардың асқа пайдаланатын тағамдарында адам ағзасына аса қажет дәрумендер мүлдем аз болған, солардың жетіспеуінен қан құрамы бұзылған-мыс; нәтижесінде олар бурцеллез мен туберкулезге, тағы сондай дерттерге ұшыраған; олай болса қазақстандық медиктер қыр елін жайлаған кеселді полигон сынағынан емес, солардың аса жүдеу тұрмысынан іздесін... Сол күнгі талқыда біз оңбай жеңілдік. Шынында да сырқаттардың асқа пайдаланатын тамақтарының заттық құрамын зерттемеген едік, сол тағамдардың нәріндегі дәрумендердің нақты мөлшерін де білмейтінбіз...», – деп жазған М. Сәрсек [10; 340].

Батыс Қазақстандағы ядролық сынақтардың салдарына келер болсақ, қазіргі уақытта, Атырау облысы Құрманғазы ауданының аймағында 20 жыл бұрынғы жүргізілген көптеген ядролық жарылыстар, сонымен қатар сынақтардан пайда болған жерасты қуыстары мен тұзды төмпешіктер әсерінен қолайсыз радиациялық экологиялық жағдай туындап отыр. Ол сынақтың орны қазіргі уақытқа дейін әртүрлі өнеркәсіп қалдықтарын, сонымен бірге, радиоактивті қалдықтардың көмілетін орны болып қалды, ол өз кезегінде радиоактивті заттардан радионуклидтердің жерасты және жерүсті су көздерін ластап, сол аймақтағы тұрғындар пайдаланып отырған орталықтандырылмаған ауызсу көзінің ластануына туындатып отыр.

Ал, «Азғыр» сынақ полигоны аймағында радиациялық фактордың біріккен әсері келесідей болған: «Азғыр» сынақ полигонының беткей су көздерінде радиоактивті ластанулардың жиынтық мөлшері шекті нормадан асты, сонымен бірге полигон сынақ аймағында аз мөлшерде болса да антропогенді радионуклидтер табылды; беткей су көздерінің ластануы үшін нақтылы потенциалды қауіптілікті тудырған техногенді радиоактивті элементтердің концентрациялары болған.

Зерттеушілер С.М. Зикриярова, Д.М. Сыздықов, Э.И. Кусайынова, И.А. Снытин техногендік төтенше жағдайында (ядролық сынақ) халықтың денсаулығы үшін радиоактивті зақымдану катердің басты факторы екендігін атап көрсетеді. Олардың пікірінше, аурулардың 30 пайызын ас қорыту органдарының, қан айналымының және несеп жыныстық жүйесінің бұзылуы құрайды. Аты аталған зерттеушілердің зерттеу нәтижелері бойынша «Азғыр» полигоны маңайындағы халықтың туу көрсеткіші 2000-2013 жылдар аралығында 1,3-1,8 есе төмендеген [11].

Қорытынды

Осылайша, КСРО-ның Қазақстандағы «ядролық отарлау» саясаты Семей және Батыс Қазақстан аумағындағы ядролық полигондарын құру және онда ядролық жарылыстарды жүзеге асыру арқылы жүргізілді. Бұл полигондарды құру және ондағы ядролық қаруды сынға алу нақты белгіленген жоспарға сәйкес кезең-кезеңмен жүзеге асты. Осындай саясаттың нәтижесінде Семей және Батыс Қазақстанның ядролық аймағы ядролық сынақтардан қатты зардап шеккен әлемдегі аймақтардың біріне айналды. Әрине, Батыс Қазақстан аумағындағы полигондарға қарағанда Семей полигоны өзінің аумағы, жарылыстары саны жағынан өте ауқымды әрі айырмашылыққа ие болды. Дегенмен, еліміздің екі аумағында ядролық сынақ салдары жағынан көптеген ұқсастықтарға ие. Жалпы салдарға топырақтың, судың және ауаның радиациялық ластануы, экожүйенің бұзылуы және биоәртүрліліктің төмендеуі, халықтың денсаулығына зиян келтіру, ауыл шаруашылығының құлдырауы, балық аулау

және басқа салалардың дамуындағы кедергілер салдарынан әлеуметтік проблемалар мен экономикалық шығындар жатады. Ядролық сынақтардың салдарынан болған ең үлкен қайғылы оқиғалардың бірі — адам шығыны: ересектерде де, балаларда да онкологиялық аурулардың өсуі, ұрпақтарға генетикалық мутациялар, қан аурулары және т.б. физиологиялық проблемалар мен патологиялардан басқа, жергілікті тұрғындар арасында психологиялық жарақаттардың өсуі байқалды. Олар әртүрлі аурулармен ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі өмір салтын бұзумен, тұрғылықты жерін күшпен ауыстырумен де бетпе-бет келді.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің қаржылай қолдауы негізінде жазылды (Грант АР19678527 «Семей ядролық полигонындағы сынақтардың салдары «ядролық отарлау» саясатының нәтижесі ретінде»).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ядерные испытания СССР. — М.: АТ, 1997. — 278 с.
- 2 Ким О.М. Семипалатинский испытательный полигон: вчера, сегодня, завтра / О.М. Ким. — Семипалатинск, 1992. — 313 с.
- 3 Көбейсінов К. Нарыннан елордаға дейін / К. Көбейсінов. — Алматы: Арыс баспасы, 2015. — 116 б.
- 4 Боранбаева Б.С. Капустин Яр әскери полигоны: Қазақ депортациясы / Б.С. Боранбаева. — Орал: Полиграфсервис, 2022. — 264 б.
- 5 АП РК. — Ф. 5-Н. — Оп. 1. — Д. 1020-а. — Л. 4-9.
- 6 АП РК. — Ф. 5-Н. — Оп.1/2. — Д. 1948. — Л. 26.
- 7 Азгирская научно-производственная радиоэкологическая экспедиция. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://inp.kz/ru/sekcija/azgirskaya-ekspediciya>.
- 8 Справка о работе группы научных сотрудников Института биофизики Академии медицинских наук СССР по обследованию населения Семипалатинской обл. // В кн.: Казахстан за безъядерный мир: сб. док. и материалов / сост. Р.М. Абдуали, А.Е. Асанбаева, Е.М. Грибанова, Г.Н. Мурзагалиева, А.Т. Сулейменова. — 2-е изд., перераб. и доп. — Алматы: Print Express, 2011. — 285 с.
- 9 Балмуханов С.Б. Ядерный полигон моими глазами / С.Б. Балмуханов. — Алматы, 1998. — 144 с.
- 10 Сарсеке М. Семей қасыреті. Деректі тарихи хикаят / М. Сарсеке. — Астана: Фолиант, 2016. — 856 б.
- 11 Зикриярова С.М. Причины смертности населения от техногенных чрезвычайных ситуаций в Республике Казахстан / С.М. Зикриярова, Д.М. Сыздықов, Э.И. Кусайынова, И.А. Снытин // Вестн. Казан. мед. ун-та. — 2017. — № 17. — С. 356-359.

Г.М. Смагулова, Л.К. Шотбакова, С.Б. Стамбулов, Г.Б. Оразбекова

История и последствия испытаний на ядерных полигонах в Семипалатинске и в Западном Казахстане: сравнительный анализ

Исследование последствий ядерных испытаний на территории Казахстана является одной из актуальных проблем государства. Большая часть всех ядерных испытаний СССР была проведена на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне (СИЯП). Однако территория СИЯП не единственная местность современного Казахстана, пострадавшая от проведения ядерных испытаний в годы гонки вооружений. В Западном Казахстане по поручению руководства СССР также проводились испытания ядерного оружия, которые привели к катастрофическим экологическим и гуманитарным последствиям в регионе. Однако вопрос изучения последствий испытаний в Западном Казахстане мало изучен и требует дальнейших исследований. В статье исследована история создания испытательных полигонов в Казахстане и проведен сравнительный анализ последствий ядерных испытаний в Семипалатинске и в Западном Казахстане на основе архивных материалов. Выделены характерные особенности последствий ядерных испытаний на территории исследуемых полигонов. Практическая значимость исследования заключается в возможности использования его результатов в зарубежных и казахстанских исследованиях, посвященных изучению ядерных испытаний на территории Казахстана.

Ключевые слова: история Казахстана, гонка вооружений, Семипалатинский полигон, ядерные полигоны в Западном Казахстане, ядерные испытания, ядерное оружие, последствия ядерных испытаний, ядерная колонизация.

G. Smagulova, L. Shotbakova, S. Stambulov, G. Orazbekova

History and consequences of testing at Semipalatinsk and West Kazakhstan nuclear test sites: a comparative analysis

The study of the consequences of nuclear tests on the territory of Kazakhstan is one of the actual problems of the state. Most of all nuclear tests of the USSR were conducted at the Semipalatinsk Nuclear Test Site (SNTS). However, the territory of the SNTS is not the only territory of modern Kazakhstan that suffered from nuclear testing during the arms race. Nuclear weapons tests were also conducted in Western Kazakhstan on behalf of the USSR leadership, which led to catastrophic environmental and humanitarian consequences in the region. However, the issue of studying the consequences of the tests in Western Kazakhstan is not widely studied and requires further research. The article explores the history of test sites in Kazakhstan and provides a comparative analysis of the consequences of nuclear tests in Semey and West Kazakhstan based on archival materials. The authors highlight the characteristic features of the consequences of nuclear tests on the territory of the test sites under study. The practical significance of the study lies in the possibility of using its results in foreign and Kazakhstani studies devoted to the study of nuclear testing in Kazakhstan.

Keywords: History of Kazakhstan, arms race, Semipalatinsk test site, nuclear test sites in Western Kazakhstan, nuclear test, nuclear weapon, consequences of nuclear test, nuclear colonization.

References

- 1 (1997). Yadernye ispytaniia SSSR [Nuclear tests of the USSR]. Moscow: AT [in Russian].
- 2 Kim, O.M. (1992). Semipalatinskii ispytatelnyi poligon: vchera, segodnia, zavtra [Semipalatinsk test site: yesterday, today, and tomorrow]. Semipalatinsk [in Russian].
- 3 Kubeisinov, K. (2015). Narynnan elordaga deiin [From Naryn to Capital]. Almaty: Arys baspasy [in Kazakh].
- 4 Boranbayeva, B.S. (2022). Kapustin Yar askeri poligony: Qazaq deportatsiiasy [Kapustin Yar military training ground: Kazakh deportation]. Oral: Poligrafservis [in Kazakh].
- 5 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 5-N. — Op.1. — D. 1020-a. — L. 4–9 [in Russian].
- 6 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 5-N. — Op.1/2. — D.1948. — L. 26 [in Russian].
- 7 Azgirskaiia nauchno-proizvodstvennaia radioekologicheskaiia ekspeditsiia [Arzgir scientific-production radioecological expedition]. Retrieved from <https://inp.kz/ru/sekcia/azgirskaya-ekspeditsiya> [in Russian].
- 8 Abduali, R.M., Asanbayeva, A.Ye., Gribova, Ye.M., Murzagalieva, G.N., & Suleimenova, A.T. (Comp.). (2011). Spravka o rabote gruppy nauchnykh sotrudnikov Instituta biofiziki Akademii meditsinskikh nauk SSSR po obsledovaniiu naseleniia Semipalatinskoi oblasti // V knige: Kazakhstan za beziadernyi mir: sbornik dokumentov i materialov [Information about the work of a group of researchers from the Institute of Biophysics of the Academy of Medical Sciences of the USSR on the survey of the population of the Semipalatinsk region in the book: Kazakhstan for a nuclear-free world. Collection of documents and materials]. (2d ed.). Almaty: Print Express [in Russian].
- 9 Balmukhanov, S.B. (1998). Yadernyi poligon moimi glazami [Nuclear test site with my eyes]. Almaty [in Russian].
- 10 Sarseke, M. (2016). Semei qasyreti. Derekti tarikhi khikaiaat [Family tragedy. Documentary historical story]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 11 Zikriiarova, S.M., Syzdykov, D.M., Kusainova, E.I., & Snytin, I.A. (2017). Prichiny smertnosti naseleniia ot tekhnogennykh chrezvychainykh situatsii v Respublike Kazakhstan [Causes of population mortality from man-made emergencies in the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik Kazanskogo meditsinskogo universiteta — Bulletin of the Kazan Medical University*, 17, 356-359 [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Смагулова Гульнара — т.ғ.к., бүкіләлем тарихы және халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-8464-9637>

Шотбакова Ляззат — т.ғ.к., археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-0085-6584>

Стамбулов Серик — PhD, бүкіләлем тарихы және халықаралық қатынастар кафедрасының қауымдастырылған профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0001-5400-227X>

Оразбекова Гүлнур — гуманитарлық ғылымдар магистрі, бүкіләлем тарихы және халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-7617-3288>

Information about the authors

Smagulova Gulnara — Candidate of historical sciences, professor of the Department of world history and international relations, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan;

Shotbakova Lyzzat — Candidate of historical sciences, associate professor of the Department of archeology, ethnology and Kazakhstan history, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan;

Stambulov Serik — PhD, associate professor of the Department of archeology, ethnology and Kazakhstan history, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan;

Orazbekova Gulnur — Master of humanities, senior lecturer at the Department of world history and international relations, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan.